Директордың
К. Тұяқбекова

Озат school жеке мектебінің 2025-2026 оқу жылында жүргізілген тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар есебі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына қосымша «26» мамыр 2025 жыл № 123 бұйрығы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2025-2026 оқу жылына арналған кешенді жоспары құрылып бекітілді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы–ұлттық,адами құндылықтарға негізделген.Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген,әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

<u>күнделікті:</u>

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

<u>апта сайын:</u>

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын

және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Жылдық жоспарға сынып жетекшілері,оқушыла, педагог психолог, ата-аналар қоғамдық ұйымдармен бірлесіп атқаратын жұмыстардың мазмұны енгізілген.

Мектепте 1-4 сыныптарда 9 сынып контингенті жұмыс жасайды.

Сынып жетекшілердің сандық және сапалық құрамы

Оқу жылдары	Сынып жетекшілері саны	Санаты бойынша				
		педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	санатсыз
2025-2026	9	0	1	1	6	7

2025-2026 оқу жылындағы 144 оқушы білім алды. Сынып бұрыштары жасалып, бекітілген.

Мектеп оқушыларының отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу жұмыстары жүргізіліп, төмендегі отбасы балаларының санаты анықталды

№	Оқушы саны	Аз қамтылған отбасы балалары	Толық емес отбасы	Оның ішінде		Өгей әке отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны	Өгей ана тәрбиеленіп отырған бала саны	Көп балалы	Жалдамалы пәтерде тұратын	Жетім ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар саны
				Ата-анасының бірі қайтыс болған	Сәтсіз отбасы					
1	144	3	21	2	-	-	-	32	1	1

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары мектептен тыс үйірмелерге 31 оқушы қатысуы.

Пәндік үйірмелер мен секциялардың жұмыс жоспары жасалып, өткізу күндері кестеге сәйкес бекітілген.

және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Жылдық жоспарға сынып жетекшілері,оқушыла, педагог психолог, ата-аналар қоғамдық ұйымдармен бірлесіп атқаратын жұмыстардың мазмұны енгізілген.

Мектепте 1-4 сыныптарда 9 сынып контингенті жұмыс жасайды.

Сынып жетекшілердің сандық және сапалық құрамы

Оқу жылдары	Сынып жетекшілері саны	Санаты бойынша				
		педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	санатсыз
2025-2026	9	0	1	1	6	7

2025-2026 оқу жылындағы 144 оқушы білім алды. Сынып бұрыштары жасалып, бекітілген.

Мектеп оқушыларының отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу жұмыстары жүргізіліп, төмендегі отбасы балаларының санаты анықталды

№	Оқушы саны	Аз қамтылған отбасы балалары	Толық емес отбасы	Оның ішінде		Өгей әке отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны	Өгей ана тәрбиелеп отырған бала саны	Көп балалы	Жалдамалы пәтерде тұратын	Жетім ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар саны
				Ата-анасының бірі қайтыс болған	Сәтсіз отбасы					
1	144	3	21	2	-	-	-	32	1	1

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары мектептен тыс үйірмелерге 31 оқушы қатысуы.

Пәндік үйірмелер мен секциялардың жұмыс жоспары жасалып, өткізу күндері кестеге сәйкес бекітілген.

№	Мектепішілік спорттық секциямен қамтылған оқушы саны	Мектепішілік пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны	Мектепішілік өнер бағытындағы /вокал,домбыра, би т.б./ үйірмелермен қамтылған оқушылар саны	Мектептен тыс спорттық секцияға қатысатын оқушы саны	Мектептен тыс оқу пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны	Мектептен тыс өнер бағытындағы /би,вокал т.б./ үйірмелермен қамтылған оқушылар саны
1	85	144	130	10	9	12

1 қыркүйек – «Білім күні» – әрбір адамның жүрегіне жақын, мәні терең, мазмұны зор ерекше мереке.

Мектебімізде білім күніне арналған «МЕКТЕБІМ - МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» атты салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиында мектеп директоры ұстаздар мен ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, білім ордасының жеткен жетістіктеріне тоқталды.

Жаңа оқу жылы қарсаңында «Абайлаңыз – балалар!» атты жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты – мектеп жасындағы балалардың қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, сондай-ақ оқушылардың жолда жүру ережелерін білуі мен оларды іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, балалардың жолда жарақат алуы мәселесіне ата-аналар, жүргізушілер мен мұғалімдердің назарын аудару көзделген.

Балаларға жол қауіпсіздігіне арналған суреттер салдырылып, оларды бояу арқылы жол белгілерін есте сақтауға бағытталған танымдық жұмыс ұйымдастырылды.



«Дене жаттығуы – сергек ойдың бастауы» жаттығу сәті

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасына сәйкес, 2025 жылғы 9 қыркүйектен бастап барлық сыныптарда сабақ басталар алдында дәстүрлі түрде 3 минуттық қысқа дене жаттығулары өткізілуде.

Бұл жаттығулар оқушылардың денсаулығын нығайтып, бой сергіту арқылы оқу күніне белсенді әрі көтеріңкі көңіл-күймен кірісуіне ықпал етуде. Сонымен қатар, бұл бастама балалардың зейінін шоғырландырып, сабаққа деген ынтасын арттыруға оң әсерін тигізуде.








Мектепте 5 қыркүйек күні Қазақстан халқының тілдер мерекесіне орай "**Жасай бер, ана тілім - қазақ тілі "** тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. өткізілді. Оқушылардың үш тілде мәнерлеп өлең оқуы, көріністер көрсетуі, ән-жыр орындауы және сахналық қойылымдар ұсынылды. Сынып сағатына сынып оқушылары белсенді қатысты.







"Отбасым бақыт мекенім" тақырыбындағы тәрбие сағаты өткізілді.Тәрбие сағатының мақсаты отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру. Сол мақсатқа жету үшін балалар бірлесе отырып, жұмыс жасады.Сұрақтарға жауап беріп ,бақытты жанұяның суретін салды.Үлкенге құрмет ,кішіге ізет көрсету керектігі туралы айтылды.







ҰСТАЗ –ҰЛЫ ТҰЛҒА


Ұстаз – білімнің шырағы, ұлт болашағын тәрбиелейтін ардақты тұлға.

Ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз еңбегі тарихта алтын әріппен жазылатын қасиетті мамандық иесі.

Осыған орай « ҰСТАЗ АТЫ МӘҢГІЛІК, ЖАДЫМДА ҚАЛАР ЖАҢҒЫРЫП... » атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Шара барысында шәкірттер жүрек тебірентер көріністер қойып, ән мен жырдан шашу шашты.







«Менің елім – менің мақтанышым» мәнерлеп оқу сайысы

Бүгін мектебімізде 25 қазан Республика күніне орай 3-4 сынып оқушылары арасында Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру,тіл байлығын дамыту мақсатында «Менің елім – менің мақтанышым» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Жас ұрпақ туған жерге деген құрметін жүрекжарды жырларымен жеткізді. Оқушылардың сахна мәдениеті, сөз мәнері,дауыс ырғағы сайыс барысында жоғары бағаланып, олар өз елін зор мақтанышпен жырлады.

Сайыс қорытындысы бойынша оқушылар 1, 2, 3 орындарға ие болып, алғыс хаттармен марапатталды.







«Мектеп театры» жобасы аясында 3-сынып оқушылары ертегілер әлеміне саяхат жасап,өздерінің қиял-ғажайып дүниесіне бойлап, сахналық өнер мен шығармашылық қабілеттерін тамаша көрсете білді.

Ж. Ахметованың ұйымдастыруымен өткізілді.

Балалар рөлдеріне үлкен жауапкершілікпен қарап, кейіпкерлердің бейнесін шынайы жеткізді. Көрермендер қойылымнан ерекше әсер алып, жылы лебіздерін білдірді.








Жаңа жыл — жүректерге жылу сыйлаған сәт!
Мектебімізде Жаңа жыл мерекесіне орай ерекше мерекелік кештер өткізілуде
Мектеп директорының құттықтауы мен балаларға арналған сыйлықтар шаттық пен қуанышқа толы сәттерге ұласты.
Жүздердегі күлкі, жүректердегі үміт – ең үлкен сый!







МЕКТЕПІШІЛІК АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

«Отбасы мен мектеп — бала тәрбиесінің қос тірегі» тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.
Жиын мақсаты – бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту, оқу сапасын арттыру.«Бала жетістігі – бірліктің жемісі, кемшілігі – бірлесіп түзететін міндет» деген ұстаным негізінде маңызды мәселелер талқыланды.







«Досболлайк» жобасының жүзеге асырылуы аясында
«Дос болайық бәріміз» тақырыбында 4-сынып оқушылары арасында мазмұнды кездесу ұйымдастырылды.
Кездесу барысында оқушылар достықтың маңызы, өзара сыйластық пен қолдау туралы ой бөлісіп, бір-біріне деген алғыстарын білдірді
Іс-шара жылы атмосферада өтіп, қатысушыларға жағымды әсер қалдырды.







«Біз таланттарды іздейміз!» мектепішілік байқау.
Мектебімізде «Шабыт» жобасы аясында таланттар байқауының іріктеу кезеңі жоғары деңгейде өтті
Қатысушылар ән айту, би, көркем сөз және өзге де бағыттар бойынша өз өнерлерін ортаға салды.
Әрбір өнер көрсетілімінен талант, шынайылық пен шығармашылық айқын сезілді








«Бастауыш – білім шыңына бастар алғашқы баспалдақ» апталығы аясында ерекше әрі әсерлі шара өтті!

4-сынып оқушылары арасында мектеп мұғалімі Д.Әзілханның ұйымдастыруымен **«Толағай»** эстафеталық сайысы өткізілді.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен жарыста әрбір оқушы өз шапшаңдығын, ұйымшылдығын және жеңіске деген құлшынысын көрсете білді. Сайыс өте қызықты, тартысты әрі көңілді өтті!

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен марапатталды.









"Ана көрікті қызымен, Қызы жүрер ізімен" тақырыбында ана мен қыз арасындағы ерекше сайыс ұйымдастырылды.

Бұл сайыстың басты мақсаты – ана мен қыз арасындағы сыйластықты, мейірімділікті, ұлттық тәрбиені дәріптеу және отбасы құндылықтарын насихаттау. Сайыс барысында қатысушылар өз өнерлерін көрсетіп, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды таныстырып, түрлі қызықты тапсырмаларда бақ сынады. 1 «Ә» сынып оқушысы Қайратқызы Каусар, анасы Абдикаримова Салтанат «Бас жүлде» иеленді.







14 НАУРЫЗ – АМАЛ, КӨРІСУ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Амал мерекесі – Көрісу күні ерекше аталып өтті. Мерекелік шараны мектеп директоры Қ. Жұмабекова ашып, ұстаздар мен оқушыларды Көрісу күнімен құттықтады.

Шара барысында 2- сынып ұстаздары мен ата-аналар ыстық бауырсақ пісіріп, оқушыларға таратты. Балалар дастарханнан дәм татып, бір-бірімен көрісіп, амандық-саулық тіледі.









18 наурыз – Ұлттық киім күні

Ұлттық киім күніне орай ерекше шара – ұлттық киімдер шеруі өтті.

Ұлттық киім – халқымыздың бай тарихы мен мәдениетінің, салт-дәстүрі мен дүниетанымының айқын көрінісі. Бүгінгі күні оқушылар мен ұстаздар дәстүрлі киімдерді киіп, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, өздерінің бірегей болмысын көрсете білді.







Қош келдің, Әз Наурыз !

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында мектебіміздің оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік шара өткізілді.

Кеш барысында әсем ән мен керемет би, әсерлі күй мен мағыналы көріністер үйлесім тауып, көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады.

Іс-шараның басты мақсаты – қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарын дәріптеп, жас ұрпақты ата-баба мұрасын құрметтеуге тәрбиелеу.








Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай мектебімізде ұлттық спорт ойындары ұйымдастырылды. Оқушылар қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін

насихаттай отырып, түрлі ойындарға белсене қатысып, өздерінің ептілігі мен күш-жігерін көрсетті.

Іс-шара барысында қазақ күресі, асық ату, арқан тарту сияқты ұлттық ойындар өткізіліп, оқушылар мерекелік көңіл күйде жарысқа түсті. Жеңімпаздар арнайы марапаттарға ие болды.

Мұндай шаралар жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, салт-дәстүрімізді дәріптеуге үлкен үлес қосады.









Мектебімізде 13 сәуір мен 17 сәуір күндері **«Білім еліне саяхат»** сынып жетекшілер апталығы ұйымдастырылды. Сынып жетекшісі – тек тәрбиеші емес, ол оқушының бағыт-бағдарын айқындайтын тұлғалық дамуына жол ашатын мектеп пен ата-ана арасындағы алтын көпір

Осы апталық аясында әр сыныпта ашық тәрбие сағаттары, қызықты кездесулер, шығармашылық іс-шаралар мен тәжірибе алмасу алаңдары өтеді.

Мақсатымыз – әр оқушының жүрегіне жол табу, оның әлеуетін ашу және қолдау көрсету!







Мектеп үздіктері ШЕРУІ

2025–2026 оқу жылының қорытындысына арналған «Жұлдыздар жарқырайды» атты салтанатты марапаттау кеші ұйымдастырылды. Бұл шараның негізгі мақсаты – білімде, өнерде, спортта және шығармашылық бағытта жоғары жетістіктерге қол жеткізген оқушыларды марапаттау, олардың табыстарын кеңінен таныстыру және өскелең ұрпақты жаңа асуларды бағындыруға жігерлендіру.

Салтанатты жиын барысында:

- Республикалық, облыстық және мектепішілік пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері;
- «Абай оқулары»«Мың бала», «Мақатаев оқулары» республикалық байқау жеңімпаздары;
- Шығармашылық және өнер байқауларының жеңімпаздары;
- Спорттық жарыстарда топ жарған оқушылар марапатталды.








“1 мамыр- Ынтымағы жарасқан туған өлкем Қазақстан” мерекесіне орай мектебімізде 1-4 -сыныптар арасында тәрбиелік мазмұндағы іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушылар арасында достық пен бірлікті нығайту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.







ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН!

Мектебімізде 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.Мерекелік кеш


барысында оқушыларымыз Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық рухты дәріптейтін әндер шырқап, мың бұрала би билеп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әрбір өнер нөмірі көрермен жүрегінен орын алып, ерекше әсер қалдырды.

Шараның басты мақсаты – ел тыныштығы мен бейбіт өмір жолында еңбек еткен аға буын ерлігін ұлықтау, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиет қалыптастыру.

Мерекелік шара жарқын естеліктерге толы болып, оқушылар мен ұстаздарға рухани әсер сыйлады.







ҚАУІПСІЗДІК САБАҚ

ҚР Оқу ағарту министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы 31тамыздағы №748 қаулысымен бекітілген «Балаларды зорлық - зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар аясында мектебімізде «ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫ» болып өтті.

Қауіпсіздік сабақ барысында:

- ☑ Төтенше жағдайлар туындағанда әрекет ету алгоритімі;
- ☑ Оқушылармен профилактикалық әңгімелер;
- ☑ Балалардың жол жарақаттануының алдын алу ;
- ☑ Ішкі тәртіп және ішкі тәртіпті сақтау жолдары түсіндірілді.




AKETI
CENTRE


AKETI
CENTRE